

Екібастұз қаласы бойынша қалаішілік жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру үшін азаматтардың жекеленген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 14 сәуірдегі N 249/21 шешімі. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 мамырда N 12-3-268 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2014 жылғы 21 тамыздағы N 258/31 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 21.08.2014 N 258/31 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15-тармақшасы, Қазақстан Республикасының "Көлік туралы" Заңының 13-бабы негізінде және азаматтардың жекеленген санаттарының қалаішілік жолаушылар көлігінде жеңілдікпен жүру шығындарын өтеу мақсатында қалалық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. Қалаішілік жолаушылар көлігінде жол жүру үшін келесі санаттағы азаматтарға жолақы билеті құнының 50% көлемінде жеңілдікпен жүру құқығы белгіленсін:

- 1) жасына байланысты зейнеткерлер;
- 2) үшінші топтағы мүгедектер;
- 3) 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп балалары бар көп балалы аналар.

2. Осы шешімнің 1-тармағында көрсетілген азаматтарға жеңілдікпен жол жүру құқын бекіту үшін кондукторға (бақылаушыға) келесі құжаттар ұсынылуы қажет:

- 1) жасына байланысты зейнеткерлер үшін - зейнеткерлік куәлігі;
- 2) үшінші топтағы мүгедектер үшін - мүгедектік куәлігі;
- 3) 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп балалары бар көп балалы аналар үшін - "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министірлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша) Павлодар облыстық филиалының Екібастұз қалалық бөлімшесінен анықтама, көп балалы аналардың мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатынын растайтын анықтама.

3. Көмектің осы түрі:

1) Кәсіпорын және "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі арасында азаматтардың жекеленген санаттарын қоғамдық жолаушылар көлігінде тасымалдау шығынын өтеу келісім шартын жасасуы;

2) "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесімен берілетін пайыздық қатынаста Екібастұз қаласы ішінде жолаушыларды тасымалдаудың жалпы көлемінде әр Кәсіпорынның қатысу үлесі туралы мәліметтері негізінде "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі Кәсіпорындарға шығындарды өтеу есебін құру шарттарын сақтай отыра, жолаушыларды қоғамдық жолаушылар көлігінде тасымалдауды жүзеге асыратын кәсіпорын шығындарын өтеу жолымен өндіріледі.

4. Осы шешім оның ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

С. Лепехин

Қалалық мәслихат хатшысы

Ғ. Балтабекова